

## Магистратураның «Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

**Мақсаты:** Мемлекеттік саясатты әзірлеу және талдау кезінде қажетті құзыреттілікке ие мемлекеттік саясат саласында магистрлерді дайындау.

**Бағдарламаның міндеттері:**

- негізгі басқару құзыреттерін, оның ішінде мемлекеттік саясатты жоспарлау және болжау дағдыларын дамыту;
- мемлекеттік қызметшілерді және үш блокты құзыреттілігі сипаттамасына сәйкес келетін кәсіби мемлекеттік аппараттың (ҚБШ бойынша) жеке сапасын дамыту.

**Оқытудың күтілетін нәтижелері:**

**Талдау:** мемлекеттің қажетті қоғамдық маңызы бар проблемаларын жан-жақты талдайды.

**Синтез:** қоғамдық маңызды проблемаларды шешу үшін жаңа саясаттар мен бағдарламаларды әзірлеп, қолданыстағы бағдарламаларды реформалау үдерісін жоспарлайды.

**Қолданылуы:** қоғамдық маңызды мәселелерді шешу үшін саясаттар мен бағдарламаларды әзірлеп, енгізу арқылы реформалау үдерісінде білім, іскерліктер мен дағдыларды қолданады.

**Бағалау:** өзгермелі жағдайларды ескере отырып, іске асырылатын саясаттың немесе бағдарламаның қоғамдық маңызы бар проблемалардың әсерін анықтайды және бағалайды.

*Құзыреттілігі бойынша:*

**Стратегиялық ойлау/жүйелік басқару:** Үдерістер мен ресурстарды тиімді басқару (материалдық, қаржылық, адами және т.б.), сондай-ақ аз шығындармен және қысқа мерзімде мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін шешімдер қабылдау.

**Қызметті тиімді басқару:** Талдау жүргізу және басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті ақпаратты жинау дағдыларына ие.

**Талдау және шешім қабылдау:** Сандық, ауызша ақпаратты талдайды. Қабылданған шешім болашаққа қалай әсер ететінін ескереді. Жеке міндеттерді немесе проблемаларды жалпы үдерістің бір бөлігі ретінде қарастырады.

**Өзін-өзі дамытуға мотивация:** Жұмысты жақсарту үшін жаңа білімді, іскерлікті және дағдыларды үздіксіз меңгеру және қолдану. Жаңа білім мен технологияларға қызығушылық танытады. Өзін-өзі дамытуға ұмтылады, жаңа ақпаратты және оны қолдану тәсілдерін іздейді. Тәжірибеде оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа дағдыларды қолданады.

**Көшбасшылық:** Тиімді қарым-қатынасты, ынтымақтастықты және коммуникацияны қалыптастырады. Басқа адамдарға жылы ілтипат көрсетіп, тиімді қарым-қатынас жасайды.

**Инновативтілік және өзгерістерді басқару:** Жаңа идеяларды қалыптастырады, бірегей шешімдерді табады, әрекеттердің бірнеше нұсқаларын ұсынады, қалыптасқан ұсыныстарға өз көзқарастарын жан-жақты білдіреді.

**Қызметті тұтынушыға бағдарлау және ақпараттандыру:** Сапалы қызмет көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру және бақылау, кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттану деңгейін анықтай білу қабілеті жоғары.

**Парасаттылық:** Этикалық нормалар мен стандарттардың сақталуын бақылап, ұжымдағы сенім мен құрмет атмосферасын қалыптастыру, қарамағындағылардың іс-әрекеттерінде ашықтық пен әділдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

**Күйзеліске төзімділік:** Сын-қатерге байсалды жауап береді, кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылдайды.

**Жеделдік:** Экономикада болып жатқан өзгерістерге талдау жүргізеді және оларды жақсарту бойынша уақытылы шешімдер қабылдайды.

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Ресми-іскерлік қазақ тілі	3
	Кәсіби коммуникациялар (ағылшын тілі)	3
	Мемлекеттік басқару	3
	Зерттеу әдістері және деректерді талдау	3
	Мемлекеттік саясаттағы цифрлық технологиялар	5
	Микроэкономика және мемлекеттік саясат	5
	Development Day аясындағы коллоквиум	1
	<i>Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – MF3Ж)</i>	5
	<b>1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>	<b>28</b>
2	Ұйымдастыру тәртібі	3
	Макроэкономика және мемлекеттік саясат	5
	Жобаларды басқару	5
	Мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздері	5
	Пәндер каталогынан 1 элективті курс	5
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мемлекеттік институттардағы стратегиялық менеджмент</li> </ul>	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мемлекеттік институттардағы оперативті менеджмент</li> </ul>	
	Development Day аясындағы коллоквиум	1
	<i>Өндірістік тәжірибе</i>	3
	<i>MF3Ж</i>	7
<b>2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>	<b>34</b>	
3	Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау	5
	Мемлекеттік қаржы және фискалдық басқару	5
	Адами ресурстарды басқару	5
	Мемлекеттік сектордағы қаржылық менеджмент	5
	Пәндер каталогынан 1 элективті курс	5
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан Республикасы Халықаралық жария құқықта</li> </ul>	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Экономикалық құқық</li> </ul>	
	Development Day аясындағы коллоквиум	1
	<i>MF3Ж</i>	5
<b>3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>	<b>31</b>	
4	2 элективных курса с Каталога дисциплин (по 5 ECTS каждый):	10
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бизнес және мемлекеттік саясат</li> </ul>	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сыртқы экономикалық саясат</li> </ul>	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тұрақты даму, экологиялық және энергетикалық саясат</li> </ul>	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Әлеуметтік саясат</li> </ul>	
	Development Day аясындағы коллоквиум	1
<i>Өндірістік тәжірибе</i>	1	

	Тағылымдама	2
	МҒЗЖ	5
	<b>4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>	<b>19</b>
	<b>Теориялық оқудың барлығы</b>	<b>88</b>
	<b>МҒЗЖ:</b>	<b>24</b>
	• МҒЗЖ, магистрлік жобаны орындаумен қоса	<b>22</b>
	• Тағылымдама	<b>2</b>
	<b>Қорытынды аттестациялау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)</b>	<b>12</b>
	<b>Қосымша білім берудің барлығы</b>	<b>36</b>
	<b>МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ</b>	<b>124</b>